

2022-2023 оқу жылында I тоқсан бойынша жиынтық бағалау өткізудің жоспары

Пән: қазақ әдебиеті

Сынып: 7 А

Тоқсан	Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тақырыптары	Өткізілетін күні	Бағалауды өткізу түрі. БЖБ мак.баллы	Жиынтық бағалау рәсімдерінің орындалу ұзақтығы	Мерзімі		Ескерту
						құрастыру	сараптама	
I тоқсан	7 А	БЖБ №1 Ауарайы және климаттық өзгерістер	18.09.2021ж	2 тапсырма түрінде 10 балл	20 мин	13.09.2021ж	17.09.2021ж	
		БЖБ №2 Көшпенділер мәдениеті. Интонация	18.10.2021ж	3 тапсырма түрінде 8 балл	20 мин	12.10.2021ж	16.10.2021ж	
		ТЖБ №2 Ауарайы және климаттық өзгерістер/ Көшпенділер мәдениеті. Интонация	23.10.2021ж	4 тапсырма түрінде 30 балл	45 мин	10.10.2021ж	21.10.2021ж	

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Ауа райы және климаттық өзгерістер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	7.Т/А5. Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Проблемалық сұрақтарға деректер арқылы дәлелді жауап береді• Өз жауабын өзгелердің жауабымен салыстырып, талқылайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма-1

Мәтінді мұқият тыңдап, негізгі тірек сөздерді анықтаңыз. Тірек сөздерді қатыстыра отырып, 2 проблемалық сұрақ құрастырыңыз. Сұрақтарыңызды жұбыңызбен алмастырыңыз. Жұбыңыздың сұрақтарына деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беріңіз. Өзгенің жауабын өз болжам жауабыңызбен салыстырыңыз. Келісу, келіспеу себептерін талқылаңыз.

Табиғат. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар - осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді. Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз Анасындай, Анасын Күндей қастерлеу - Ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы – Көкшетау», «Жер жаннаты – Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген.

Сондықтан орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауына ерекше мән берген. «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, жас ұрпақтың бойына табиғатты қорғаудың тәрбиесін сіңірген.

Табиғатта үздіксіз өзгерістер болып жатады. Мысалы, жанартаудың атқылауы, найзағайдың жарқылы, судың мұзға айналуы сияқты құбылыстар табиғаттағы өзгерістерді көрсетеді. Аспан денелерінің қозғалысы, гүлдердің шешек атуы, ағаштың жайқалып өсуі, өзеннің тасуы немесе көлдердің тартылып су алуы – осылардың барлығы да қоршаған ортадағы өзгерістер. Әлемде орын алатын сан алуан өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары бір-бірімен тығыз байланысты. Оларды физика, астрономия, география, геология, биология, химия сияқты ғылымдар зерттейді. Әр ғылымның табиғатты зерттеуде өз мақсаты мен міндеті бар. Мысалы, физика, негізінен, механикалық қозғалысты, жылу, электр, жарық құбылыстарын зерттейді. Физика ғылымы зерттейтін табиғат құбылыстары физикалық құбылыстар деп аталады.

Астрономия ғылымы физика заңдарына сүйеніп, бақылайтын аспан денелері мен құбылыстарының табиғатын түсіндіреді. Олардың қасиеттері мен көрінісін ұғындыруға, құбылыстардың себеп-салдарын ашуға тырысады. Мысалы, физика мен астрономияға ортақ құбылыстар – күн мен түннің ауысуын және Күннің тұтылуын қарастырайық. Жарық күн мен қараңғы түннің алма-кезек ауысуының себебі Жердің өз осінің төңірегінде үздіксіз айналуы болып табылады. Жер өз осін бір тәулікте (24 сағатта) толық бір айналып шығады. Жердің айналуы барысында оның Күн сәулесі түскен беті жарық

болады да, ал қарсы көлеңке бетін түн басады. Сөйтіп күн мен түн үнемі алмасып отырады.

Тапсырма-2

Сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Желдің түрлерін атаңдар.
2. Боран мен желдің арасында қандай байланыс бар ма?
3. Халқымыз ауа-райын қалай анықтаған?
4. Қардың түрлерін атаңдар?
5. Климаттың өзгеру себептері қандай?

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Проблемалық сұрақтарға деректер арқылы дәлелді жауап береді.	1	негізгі тірек сөздерді анықтайды;	1 1 1
Өзгелердің жауабымен салыстырады.		екі проблемалық сұрақ құрастырады; сұрақтарына деректер келтіре отырып, дәлелді жауап береді.	
Сұрақ-жауап		өзгенің жауабын өз жауабымен салыстырады; келісу, келіспеу себептерін талқылайды.	
	2	Сұрақтарға нақты, толық жауап береді;	5
Барлығы:			10

1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар
№2 БЖБ 2-бөлім «Көшпенділер мәдениеті. Интонация».

Оқу мақсаты: 7.1.3.1 - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.
7.3.1.1 -әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.

Бағалау критерийі: *Білім алушы*
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі;
- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты : 15-20 минут

1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыз, мәтінде не туралы айтылғанын 3 сөйлеммен жазыңыз. Ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты жазыңыз. Тыңдалым мәтіні.

«Көшпелілік — көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Еуразия даласын мекендеген көшпелі халықтардың негізгі өндірістік құралына айналған мал шаруашылығы тамақ өнімдерін беріп қана қоймай, айырбас үшін де пайдаланылды.

«Ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті, өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындау болды. Көшпелілер уақыт пен кеңістікті игеруі, танып түсінуі нәтижесінде көшіп-қонып, табиғаттың қолайлы белдеулерінде орналаса отырып, мәдениет пен климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Мысалы, Қазақстанда ерте заманнан бері маусымдық жайылымдар пайдаланылған. Жауын-шашыны молырақ Арқаның теріскейіндегі орманды-далалы алқапты, оңтүстік-шығыстағы таулы өңірді жұрт ең алдымен жайлау, ал шығыс және ортаңғы аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптасқан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдардың рулар арасында бөліске түскенімен, мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжай білу — мұның бәрі көшпелілер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді. «Құрғақ даланы, — дейді ағылшын тарихшысы, социолог А. Дж. Тойнби (1889-1975), — тек бақташы ғана меңгере алады, бірақ сол далада тіршілік етіп, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін тынбай жетілдіре беруге міндетті, ол ерекше адамгершілік және парасаттылық қасиеттерді қалыптастырады.» Малшылық егіншіліктен көрі күрделілеу, өйткені диқан табиғат өнімдерін тікелей тұтынса, көшпелілерде мал табиғи өсімдіктерді өңдейтін механизм тәрізді.

1-сөйлем: _____

2-сөйлем: _____

3-сөйлем: _____

2 факт	2 көзқарас

2-тапсырма. Тыңдалған мәтін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрыңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі	1	<ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді • Ұсынылған ақпарат бойынша фактіні ажыратады • Ұсынылған ақпарат бойынша көзқарасты ажыратады 	2 1 1
эртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрады.	2	<ul style="list-style-type: none"> • тыңдалған мәтін құрылымын ажыратады • мәтіннің кіріспе бөліміне сәйкес жоспар құрады • мәтіннің негізгі бөліміне сәйкес жоспар құрады • мәтіннің қорытынды бөліміне сәйкес жоспар құрады 	1 1 1 1
Барлығы			8

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы: 40 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 25 минут

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі

Балл саны: 30

Тапсырмалар түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 компоненттен тұрады: біріншісі - тыңдалым, айтылым және әдеби тіл нормаларын, екіншісі - оқылым және әдеби тіл нормаларын, үшіншісі - жазылым және әдеби тіл нормаларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмалар түрлері	Тапсырмалар сипаттамасы	Орындау уақыты, мин	Балл
1	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Тапсырма жеке орындалады. Оқушыларға 120-150 сөзден тұратын тақырыпқа қатысты мәтін беріледі, оқушы жеке отырып оқиды (немесе аудио арқылы тыңдатуға болады). Оқушылар мәтінді тыңдау немесе оқу барысында көркем бейнелеуіш сөздерді эмоционалды-экспрессивті сөздерді және тұрақты тіркестерді түртіп алып, мазмұндауда қолдануы қажет. Тапсырма оқушының тыңдаған мәтінін көркемдегіш құралдар арқылы жеткізуін бағалайды.	Тыңдалым мен айтылым сабақтан тыс, қосымша уақытта өткізіледі (әр білім алушыға 3-5 минут беріледі)	10
1	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау	Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	Мәтінді оқып, мәтінге қатысты өз пікірін, көзқарасын 5-6 сөйлеммен жазады.	15	10
1	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу 7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар ұсынылған екі тақырыптың бірін таңдап, шағын мақала жазады. Жазылым жұмысында жанрлық, стильдік ерекшеліктерді ескеруі, көркемдегіш құралдарды орынды қолдануы, орфографиялық нормаға сай жазуы бағаланады.	25	10
Барлығы				40 минут	30

«Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика Көшпенділер мәдениеті. Орфография Денсаулық – зор байлық. Лексика

Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтіндегі көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді тұрақты тіркестерді жазып алыңыз.

2. Мәтіндегі көтерілген басты мәселеге өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дәлелдеңіз. Пікір білдіруде жазып алған көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді тұрақты тіркестерді қолданыңыз.

[10]

Мәтіндер

1-мәтін

Соңғы кезде сарапшылар жер бетіндегі климат өзгерісінің адам денсаулығына әсері күшейіп отырғанын жиі айтып жүр. Ғаламдық өзгерістердің салдары Қазақстанда да анық сезіле бастады. «Табиғаттың тосын сыйларына» қалай дайындалу қажет және қайткенде денсаулығымызды сақтап қаламыз? «Үкімет қоршаған ортадағы өзгерістерді ескере ме және осы бағытта қандай шаралар қолға алынып жатыр?» деген сауал әркімді толғандыруда.

Климат өзгерісінің Қазақстанға әсері қандай деген мәселеге нақты тоқталар болсақ, мәселен, соңғы он жылда орташа ауа температурасы жоғарылады. Ғалымдардың болжамынша, алдағы бірнеше он жылдықта температура жоғарылап отырады. Яғни, климаттағы өзгерістер алдағы уақытта да тоқтамайды. Сонымен қатар, соңғы жылдары толқынды немесе «аптап толқыны» деп аталатын күндер көбейіп кетті. Яғни, бірнеше күн бойы күн қатты ысиды. Жылдың жаз мезгілдерінде осындай ыстық күндердің көбейгенін биыл да анық байқалды.

Оған табиғаттағы экстремалды құбылыстарды қосыңыз. Бұл дегеніңіз сел мен көшкін тудыратын нөсер жауындар, су тасқыны. Аталған табиғат құбылыстарының бәрі адам денсаулығы мен өміріне айтарлықтай қауіп төндіреді, экономикалық шығынға батырады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, жылдың жылы маусымында күннің бір градусқа ысуы цереброваскулярлық аурулардың артуына түрткі болады. Бұл жерде ми аурулары туралы айтылып отыр. Медициналық тілмен айтсақ, мидағы қан айналысы бұзылып, церебралдық қан тамырлары патологиялық өзгерістерге ұшырайды. Ал мидағы қан айналысының бұзылуынан болатын аурулардан көз жұму көрсеткіші жүректің ишемиялық сырқатынан кейін екінші орында тұр.

2-мәтін

Денсаулық – адам өміріндегі баға жетпейтін ең бағалы дүние. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне байланысты. Дегенмен оған қоршаған ортаның, жұтқан ауаның, ішкен-жеген тамақтың, судың құрамының лас болуы да айтарлықтай ықпал етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінетін болсақ, адам денсаулығының 40% экологияға, 40% өзінің өмір сүру дағдысына байланысты болса, 18-20% ғана дәрігерлік-медициналық көмекке тәуелді екен. Денсаулық сақтаудың алдын алуға болады. Ол үшін дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, дене қимылымен айналысуға көп көңіл бөлу қажет. Әсіресе жасы ұлғайған адамдарға майлы тамақтарды көп жеуге болмайды. Оның орнына сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған дұрыс. Денсаулық сақтауда дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Ет, балық, ұн, сүт тағамдарының әрқайсысының орны бөлек. Сонымен қатар жеміс-жидектерді көбірек жеген жөн. Олардың құрамында адам денсаулығына қажетті дәрумендер өте көп. Шамадан тыс көп тамақтану да ағзамызға зиян. Ал, спортпен айналысу — денсаулықты жақсартады. Спорттың ең қарапайым түрі — жүгіру. Күн сайын таңертең үйдің маңайында, саябақта жарты сағаттай жүгіруге болады. Егер жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе, таңғы таза ауада серуендеуге болады. Әр түрлі жаттығулар жасауға болады.

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті жұмыста жүргенде, деніміз сау болғанда, денсаулықтың қадірін біле бермейміз.

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

Балл	Коммуникативтік құзыреттілік	Грамматикалық құзыреттілік
5	Мәтінде көтерілген мәселені терең түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін мәтінмен, басқа да дереккөздердегі ақпараттармен байланыстырып, ұтымды жеткізеді. Дәйектемелері көзқарасын дәлелдеуде өте дәл, нақты. Талқылау кезінде жоғары ойлау деңгейін көрсететін ашық сұрақтар қояды.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойды байланыстыруда грамматикалық дағдыны өте жақсы қолданады. Сөздік қоры мол. Паразит сөздер мен қайталаулары жоқ. Жеке пікірін білдіруде эмоционалды-экспрессивті, көркем бейнелеуіш сөздерді өте орынды, тиімді пайдаланады.
4	Мәтінде көтерілген мәселені жақсы түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін мәтінмен, басқа да дереккөздердегі ақпараттармен байланыстырып, жеткізеді. Дәйектемелері көзқарасын дәлелдеуде орынды. Талқылау кезінде мәтін аясында ашық сұрақтар қояды.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойды байланыстыруда грамматикалық дағдыны жақсы қолданады. Сөздік қоры жеткілікті. Паразит сөздер мен қайталаулар аздап кездеседі. Жеке пікірін білдіруде эмоционалды-экспрессивті, көркем бейнелеуіш сөздерді орынды пайдаланады.
3	Мәтінде көтерілген мәселені қанағаттанарлық деңгейде түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін мәтін ақпараттармен байланыстырып жеткізеді. Дәйектемелері көзқарасын дәлелдеуде үнемі орынды бола бермейді, кейде негізгі мәселеге қатыссыз пайымдаулар кездеседі. Талқылау кезінде мәтін аясында ашық, жабық сұрақтар қояды.	Ойын кейде аяқталған, арақідік синтаксистік құрылымы сақталмаған сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойды байланыстыруда грамматикалық қателері кездеседі. Сөздік қоры қанағаттанарлық. Паразит сөздер мен қайталаулары кездеседі. Жеке пікірін білдіруде эмоционалды-экспрессивті, көркем бейнелеуіш сөздерді орынды, орынсыз пайдаланады.
2	Мәтінде көтерілген мәселені шектеулі деңгейде түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін мәтін ақпараттармен байланыстыра жеткізуде қолдауды қажет етеді. Көзқарасын дәлелдейтін дәйектемелері сирек, көбіне жалпылыққа ұрынады. Талқылау кезінде қойған сұрақтары жабық сұрақтар шеңберінде болып келеді.	Ойын көп жағдайда аяқтамайды, жай сөйлемдерді, қарапайым синтаксистік құрылымдарды қолданады. Ой мен ойды байланыстыруда грамматикалық қателері жиі кездеседі. Сөздік қоры күнделікті ауызекі лексикадан тұрады. Паразит сөздер мен қайталаулары жиі кездеседі. Жеке пікірін білдіруде эмоционалды-экспрессивті, көркем бейнелеуіш сөздерді орынсыз пайдалануы жиі кездеседі.
1	Мәтінде көтерілген мәселені түсінуі өте шектеулі. Ақпаратқа қатысты жеке көзқарасы мен пікірі жоқ, көбінесе, дайын ақпаратты қайталап беру деңгейінде. Себебін түсіндіруі аз. Жабық сұрақтармен шектеледі.	Ойын аяқтамайды, қарапайым синтаксистік құрылымдармен шектеледі. Грамматикалық дағдылары жетіспегендіктен, ой мен ойы байланыспайды, жүйе жоқ. Паразит сөздер мен қайталаулары негізгі лексикадан басым.

Оқылым

Оқылым мәтінін оқыңыз да, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. [10]

Денсаулық - зор байлық

Адамзат өмірге келген соң өмірін қалай болса солай өткізбеуі тиіс. Яғни адам саналы да жарқын өмір сүруі қажет. Ол үшін ата-бабамыз айтып кеткендей:

Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық,

Үшінші байлық – он саулық, - демекші, денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш-жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек.

Қазіргі таңда аурулардың түрі көбейіп барады. "Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды" деп данышпан Баласағұнидің айтқан сөзі рас сияқты. Өйткені, әрбір адам басында өзіне белгілі бір аурулары бар. Бірақ біз сол аурулардың шарықтауына жол бермей оған төтеп беруіміз қажет. Яғни "Ауруын жасырған өледі" (Ә.Науаий) деген сөзге қарсы адам өз бойындағы ауруы бойынша дәрігерлерден кеңес алып, білгендерден сұрап отыруы қажет. Біз денсаулығымызға немқұрайлы қарап, оған үлкен зиян келтіреміз. Әркім өзінің денсаулығының нашарлауына өзі кінәлі. Ауруды ағзаларға жолатпау адамдардың өз қолында.

Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек. Сондықтан әр адам салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Салауатты өмір салтын ынталандыруда әрқайсысымыздың дене тәрбиесімен айналысуымыз, дұрыс тамақтануымыз, зиянды әрекеттерден аулақ болып, тазалық шараларын сақтауымыз қажет.

1. Мәтіннің негізгі идеясын 3-4 сөйлеммен жазбаша түсіндіріңіз.

2. Мәтіндегі денсаулық туралы нақыл сөздердің бірінің мағынасын ашып түсіндіріңіз.

3. Берілген сөздерді пайдаланып, екі сөйлем құрап жазыңыз.

Денсаулық, алайда, ауру, зиян келтіру, дене тәрбиесі

4. Ойды 3-4 сөйлеммен аяқтаңыз.

Біз денсаулығымызға немқұрайлы қарап, оған үлкен зиян келтіреміз, мысалы...

Балл қою кестесі

Оқылым

Балл	Коммуникативтік құзыреттілік	Грамматикалық құзыреттілік
5	Мәтінде көтерілген мәселені терең түсінгендігін көрсетіп, мәтіннің негізгі идеясын анықтай алады. Мәтіннен негізгі ақпаратты білдіретін тұстарды толықтай, дәл анықтайды және оны қолдана алады, мысалын дәлелді түрде өте жақсы түсіндіреді.	Грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық нормаларды өте жақсы сақтайды. Қателері жоқ.
4	Мәтінде көтерілген мәселені терең түсінгендігін көрсетіп, мәтіннің негізгі идеясын анықтай алады. Мәтіннен негізгі ақпаратты білдіретін тұстарды толықтай, дәл анықтайды және оны қолдана алады, мысалын дәлелді түрде өте жақсы түсіндіреді, бірақ бір-екі ақпаратты назардан тыс қалдырады.	Грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық нормаларды жақсы сақтайды. Бір-екі ұсақ қателер кездеседі.
3	Мәтін мазмұнын қанағаттанарлық деңгейде түсінгенін көрсетіп, жалпы мазмұнға жуық идея ұсынады. Мәтіннен негізгі ақпаратты білдіретін тұстарды анықтайды және оны қолданады, бірақ негізгі және қосымша ақпараттарды толық ажырата алмайтындығы байқалады, сәйкесінше себебін түсіндіріп мысал келтіруде қателер кездеседі.	Грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық нормаларды сақтауы қанағаттанарлық. Үш-төрт ұсақ қателер кездеседі.
2	Мәтін мазмұнын шектеулі деңгейде түсінгенін көрсетіп, мәтіннің негізгі ойы мен мазмұнын ашпайтын тақырып ұсынады немесе немесе мәтінде жиі кездесетін сөз тіркесін ұсынумен шектеледі. Негізгі және қосымша ақпараттардың ара-жігін ажыратпастан жауаптарды тізбектейді.	Грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық нормаларды сақтауы шектеулі. Бес-алты ұсақ қателері мен стильдік ірі қателер кездеседі.
1	Мәтін мазмұнын түсінуі өте шектеулі. Ұсынған идея мен мәтіннің өзара байланысы жоқ. Жауабы негізгі және қосымша ақпаратқа қатысты, қатыссыз ақпараттардан тұрады.	Грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық нормаларды толық сақтамайды. Алтыдан көп ұсақ қателері мен стильдік ірі қателер жиі кездеседі.

Жазылым

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, шағын мақала жазыңыз. Жазба жұмысында жалғаулардың ерекшелігін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазуды ескеріңіз.

- 1) *Тараз қаласының тазалығы туралы мәселені көтеріп, "Таза қала бәрімізге керек" тақырыбында журналға мақала жазыңыз.*
- 2) *«Мен - көшпенді елдің ұрпағымын» тақырыбында газетке мақала жазыңыз.*

Балл қою кестесі

Жазылым

Балл	Сипаттамасы
9-10	Тақырыптың мазмұнын толық ашады. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдарын барынша (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) жанрға сәйкес орынды қолданады. Ойын еркін, логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізеді. Сөздік қоры мол. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту), жазылу сипатына қарай бірізділікті бастан-аяқ сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан өте сауатты. Қателері жоқ.
7-8	Тақырыптың мазмұнын ашады. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдарын (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) жанрға сәйкес қолданауға тырысатыны байқалады. Ойын логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізеді. Сөздік қоры жеткілікті. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту), жазылу сипатына қарай бірізділікті сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан сауатты, бірақ 1-2 ұсақ қате кездеседі.
5-6	Тақырыптың мазмұнын ашуы жеткіліксіз. Жанрға сәйкес тіл құралдарын (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) сирек болғанымен, орынды қолданады. Ойдың логикалық тұрғыдан жүйесі аракідік байланыспайды. Сөздік қоры қанағаттанарлық деңгейде. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту) сақтайды, бірақ жазылу сипатында бірізділіктен ауытқу бар. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 2-3 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
3-4	Тақырыптың мазмұнын ашуы шектеулі. Жанрға сәйкес тіл құралдарын (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) сирек қолданады, орынсыздық байқалады. Ойдың логикалық тұрғыдан жүйесі байланыспайды. Сөздік қоры шектеулі. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту) ескермейді, жазылу сипатында бірізділік сақталмайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 4-5 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
1-2	Тақырыптың мазмұнын ашпайды. Жанрға сәйкес тіл құралдарын қолданбайды. Ойдың логикалық тұрғыдан жүйесі жоқ. Жанрлық ерекшеліктерді сақтамайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан алтыдан көп ұсақ және ірі қателер кездеседі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы
 № 382 бұйрығына сәйкес.
 Бөлім бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалау
 (бұдан әрі - ТЖБ) нәтижелері бойынша талдау үлгісі.

I тоқсан Қазақ тілі пәні бойынша

Сынып: 7 «А»

Оқушылар саны: 26

Педагог: Әбдісадық А.Т.

Мақсаты: Проблемалық сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беруге үйрету, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырып, талқылау.

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Пән	Оқушы	Жоғары балл	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны				Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жақсы	жоғары		
			0-39%	40-64%	65-84%	85-100%		
Оқушылар саны								
БЖБ 1	26	10	0	12	14	0	53,8%	100
БЖБ 2	26	10	0	12	14	0	53,8%	100
ТЖБ	26	20	1	10	12	3	57,6%	100
	Қол жеткізілген мақсаттар				Қиындық тудырған мақсаттар			
БЖБ 1	Мәтіндегі негізгі тірек сөздер анықталып, мәтінге атау берілді				Негізгі тірек сөздерді табудағы шатасу			
БЖБ 2	Проблемалық сұрақтар құрастырылды. Өзгелердің сұрағымен салыстырылды				Құрастырылған сұрақтармен келіспеушіліктер туындады			
ТЖБ	Мәтіннен сөйлем мүшелері анықталып, белгіленді. Жалғауларды талқылады				Жалғаулардың шатасуы орын алып жатты.			

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:

жоғары 85-100% 3;
 жақсы 65-84% 40;
 орта 40-64% 34;
 төмен 0-39% 1;

2. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесі:

Негізгі тірек сөздерді табудағы шатасу;
 Құрастырылған сұрақтармен келіспеушіліктер туындады;
 Жалғаулардың шатасуы орын алып жатты.

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтардың себептері:

Негізгі тірек сөздерді табуда білім алушылар мәтіннің негізгі мазмұнын толық түсінбеген;
 Оқушылар құрастырған сұрақтармен келіспеушіліктер туындап, құрылымындық қателіктер орын алған;
 Тақырыптарда өткізілген жалғаулардың бір-бірімен шатасуы орын алып жатты, жіктік жалғауының тәуелдік жалғауымен алмастырылған.

4. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша жоспарланған жұмыс (қажет болған жағдайда білім алушылардың тегін, атын, әкесінің атын көрсетумен): Осы БЖБ және ТЖБ жұмыстарын талдау барысында оқушылармен индивидуалдық сабақтар өткізудің қажет екенін көрсетіп отыр.

Күні 31.10.2022 ж.

Педагогтің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Әбдісадық А.Т.